

**ҚАДЫР МЫРЗАЛИЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ МЕН
ИДЕЯСЫ**

Сапаров Е.

Ташкент, Өзбекстан

Низами атындағы Ташкент

мемлекеттік

педагогика

университеті 2-курс магистранты

Қадыр Мырзалиев ақын үнемі адам бойынан ізгілікті, жақсылықты жарқын сипаттарды іздеп табуға ұмтылады. Адам басындағы сол ұнамды қасиеттерді биік шабытпен жырлайды. Оның өлеңдерінен ақынның адамға деген шынайы сүйіспеншілігі, махаббаты жарқырап көзге түсіп отырады.

Еңбек – адамдарды, халықты өсіретін, алдына қойған арман- мұратына жеткізетін құдірет күш екенін Қадыр ақын шығармашылығында жеткізе айтқан. «Оянған өлке» атты өлеңінде ол келіп, еңбек арқылы жеткен ұлан-ғайыр тарихи табыстарын көркемдік бейнеге түсірген. Адамды ардақтап, көкке көтере жырлаумен қатар, Қадыр ақын оның бойында бар кемшіліктерді де көре біледі. Адамдарда жиі-жиі ұшырайтын ашқарақтықты, тойымсыздықты, қанағатсыздықты, ақша қуып байлықты арман ететін дүниеқорлықты ақын өткір жыр тәсілімен түйреп отырады.

Қадыр Мырзалиев – негізінде ұлттық ақын. Ұлттық ақын болғанда қазақ халқының ақыны. Оның туған халқының арғы-бергі өмірі, тіршілігі, туралы жазған өлеңдері өте көп. Сол өлеңдердің барлығын жинақтап айтсақ, қазақ халқы өмірінің көркемдік шежіресі, әдебиеттегі образды тарихы деуге де болады. «Бабамыздың шоқ басқан табанымен» атты ел аузында жатталып кеткен атақты өлеңінде ол қазақ халқының ғасырлар психологиясын, экономикалық, әлеуметтік, саяси бейнесін тарихи шындыққа сай үлкен көркемдік шеберлікпен суреттеп береді. Ақын туған жер тақырыбын туған елінің, халқының тарихына қызығып ала салмаған. Ақын үшін де, азамат үшін де ең киелі нәрсе – туған жер. Әрине, ана да, әке де, сүйген жар да, өмірінің жалғасы – перзент пен поэзия да, адал достарда оның осынау ғаламда еш қылау түсірмес қамбаты. Ақын:

Күндердің бір күнінде салып ажал қармағын,

Әкесі ұлын жоғалтса – жоғалтады арманын.

Өмірге өлім өзінің жасайды әсте жаттығын,

Ана қызын жоғалтса – жоғалтады шаттығын.

Жүрегінің лағылы, жүрегінің жақұты.

Жігіт жарын жоғалтса – жоғалтады бақытын.

Уа, туған жер, көңілдің сенсің бірақ төрінде,

Сені мәңгі жоғалтқан – жоғалтады бәрін де!

Атадан, балаға мұра болып келе жатқан ұлы сезімді дәріптеу арқылы емес, дәлелдеу арқылы, баяндау арқылы емес, байыптау арқылы жеткзеді.

Ақынның «Дала дидары» атты өлеңдер жинағының «Көне заман көріністері» атты бөлімінде кешегі көшпелі елдің тіршілігіне, әдет-ғұрпы, салт-дәстүріне арналған. Атасын танымған баласына кіммін демек. Өзін-өзі сыйлайтын жанның назарын ерксіз аударар, әсіресе, адамдардың, келер ұрпақтың көңілін алаңдатар, қай уақытта да қадірін жоймас, өзекті мәселе де сол емес пе? Әрине, бұған Қ.Мырзаливтен бұрын ақын атаулы ат ізін салмаған еді деу – шындыққа қиянат. Дегенімне Қадір ақын халқымыздың өткеніне бүгінгі жастар көзімен, сондай-ақ кемеңгер бабалар көзімен қарайды. Даланың дархан тіршілігі, көмескі тартып бара жатқан кейбір жарқын бояулар келмеске кеткен кесірлі заманның тартқызған трагедиясымен қатар өрлеп, тарихи шындық бүкіл қайшылығымен суреттеледі.

Тақырыпқа сәйкес «Бәйге», «Көкпар», «Қыз қуу», «Күрес», «Бата» секілді өлеңдері жоспарлы түрде жазуға мәжбүр жағдайда қалған ақын фотографиялық баяндауға ұрыну қаупінен қатты сақтанған. Әрқайсысының әрқилы көркемдік шешім жасау, әрқайсысының табиғи түйін табу қиындығынан сүрінбей өткен.

Мысалы «Бәйге» өлеңі:

Озған озды

Әлі аттар өтіп жатыр.

Өтіп жатыр,

Көңілсіз кетіп жатыр.

Үлестіріп бәйгесін ақсақал тұр,

Ал, өзіне атағы жетіп жатыр, - деген ұлттық характерді ашатын әсерлі, әдемі шумақпен аяқтады.

Ақын халқының өткен тарихы туралы сөз шерткенде, халқымыздың тарихы мен табиғатын, ұлттық мінезі мен болмысын, келер ұрпаққа мұрат тұтарлық жақсылық пен сабақтастық боларлық жамандықты қатар ұстап, уақыт таразысына салады, ұлағатты тұжырымдар жасайды.

Бабамыздың шоқ басқан табанымен

Бірдей екен жақсысы жаманымен

Бір жаманы – тынымсыз көше берген,

Бір жақсы – қимаған даланы кең.

Бір жаманы – кешігіп әліппе ашқан,

Бір жақсысы – күйлері көбік шашқан.

Бір жаманы – қыздарын малға сатқан,
Бір жақсысы – сүйгенін алып қашқан.
Тату-тәтті көршілер шыр бұзбаған,
Бірге тоңып суықта, бір мұздаған.
Бір жаманы – сонда да үй салмаған,
Бір жақсысы – абақты тұрғызбаған!¹

Тарихи шындықты тереңнен қопарып, тұтас алып жырлау жән осыншалықты көрегендікпен, осыншалықты ойлылықпен, суреткерлікпен жырлау – қазақ поэзиясында Қ.Мырзаливке дейін ешкімнің де қолынан келе қойған жоқ десек, артық айтпаған болар едік.

Өз елін, халқын өлшеусіз махаббатпен, жан-тәнімен, жалынды жүрегімен беріле сүюдің үлгі-өнегесін де ақынның өлеңдерінен танимыз. Ақынның бірсыпыра өлеңдерінде жер бетіндегі адамзаттың халыққа апат әкелетін қырғын соғысқа қарсылығы, бейбітшілік үшін қажырлы күресі суреттелген. Ол арғы-бергі тарихтағы Шыңғысхан, Бату, Наполеон, Гитлер, Муссолини сияқты басқыншы қолбасшылардың қолымен, жасалған жауыздық ізін жырға қосады, айуандықты айыптайды.

Әсіресе, Қадыр Мырзалив өлеңдерінде 1941-45 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңдегі кеңес адамдарының қаһармандығы, тап болған алапат қиындықтарға төтеп берген төзімділігі, ғажайып жігер-күш танытуы айқын да көркем бейнелермен берілген. Бұл өлеңдерден Қадыр ақынның өзі қатар тұрғылыстарына әріптестеріне ұқсамайтын, өзіндік мәнері, тапқырлығы байқалады.

Сонау сұрапыл жылдардағы ер азаматтардың жасымаған жігері, өр-рухы, тылдағылар тартқан тауқымет, жеріслер трагедиясы – қай-қайсысы да ақын жанарынан тыс қалмаған. Ал, ғалымдардың пайымдауынша: «цивилизация адамзат қоғамы, шамамен үш мың алты жүз қырық жылдай өмір сүріпті, соның екі жүз тоқсан екі жылы ғана соғыссыз өтсе керек», деген эпиграф онсыз да әркімнің де тұла-бойын түршіктірері хақ. Ақынның бұл тақырыптағы өлеңдері - бір төбе.

Ақын әуелде:
Аязға алмап еді тыз етіп бір,
Жас жігіт шекараны күзетіп тұр.
Қолтықта қырау басқан автоматы,
Шым-шымдап табаынан сыз өтіп тұр.

¹ Әбдіраштың Жарасқаны Парыз. Парасат. Пайым. Алматы, «Өнер», 2001. 98-122-беттер.

Құрыса соғыс атты қақбас тегі,
Оны ешкім сол арадан таппас еді.
Заводтың екінші бір сменінде ол,

Дәл қазір жұмыс істеп жатпас па еді? - деп, бейбіт күннің өзінде адал ниетті адамның қолынан қару ұстауға мәжбүр болып тұрғандығы туралы ойға қалады да, әңгімесін әрмен қарай естелік түрінде жалғастырады:

Талқандап қызыл кірпіш, қалың қышты,
Зеңбірек лоқсып-лоқсып жалын құсты.
Жауған оқ бас көтертпей,
Политрук
Ыза боп қанжарының сабын қысты.

Бұл – нағыз соғыс суреті. Бұл халық шеккен қасірет қана емес, әлем тынштығы, адамзат бақыты үшін алаңдаған беймаза көңіл, «әдемі өмір үшін, әдемі өле білген әкелер ұрпағының бүгінгі таңда қинала еске алары мен ескертері!».

Қадыр Мырзалиев – достық атты адамдар бойындағы ең бір асыл қадыр-қасиеттің жыршысы. Оның «Миым менің қажығанда», «Досым болсаң!», «Айтқан бойда еретін», «Танып ниет теңіз», «Жолдас үшін үй жақын» т.б сияқты өлеңдерінде адамдар арасындағы достық сезімінің алуан-алуан әдемі суреттері бар. Адам бойындағы достық атты қасиетті, киелі сезімді жырлағанда Қадыр бұрын-соңды қазақ поэзиясында ұшырайтын көптеген көркемдік бояуларды қайталамайды. Ол тың поэтикалық өрнектерді табуға ұмтылады. Бұл адамдардың арасындағы шынайы достықты жырлау үстінде ақын тапқан қазіргі қазақ поэзиясындағы жана көркемдік-бейнелеу құралдары, тың да мәнді-мазмұнды поэтикалық өрнектер.

Қазақ поэзиясының дамуына көп еңбек сіңіріп, зор көркемдік үлес қосқан Қадыр Мырзалиев шығармашылығы әдебиетші мен оқырман тарапынан жоғары бағаланып, ыстық ықыласқа бөленіп келеді. Қазақ халқының өмірін көркем бейнелеген ақынның поэзиясы қай кезде де мәнді, өміршең.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мырза Әли Қ. Таңдамалы: Өлеңдер. Алматы, “Жазушы”, 2005. – 424 бет.
2. Мырзалиев Қ. Таңдамалы жинақтар. Алматы, “Балалар әдебиеті”, 2007.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: «Санат», 2007. – 359 б.
4. Ахметов З. Әдебиеттану терминдер сөздігі. Алматы: «Ана тілі», 1998. - 384 б.

“O‘ZBEK ADABIYOTSHUNOSLIGINING DOLZARB MASALALARI” MAVZUSIDAGI XALQARO ILMIY-AMALIY KONFERENSIYA MATERIALLARI

5. Omanova, M. A. (2020). Updating views on literary heroes and glory in the novels of the period of independence. *Novateur publications JournalNX-A Multidisciplinary Peer Reviewed Journal*, 6(10), 415-419.
6. Omanova, M. (2024). Bahouddin Naqshband to‘g‘risidagi ma‘lumotlar aks etgan asarlar. “O‘zbek adabiyotshunosligining dolzarb masalalari”. – Toshkent: 139-146.